



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

1. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года, с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.02.2011 г.)
2. Предпринимательство в РК. Официальные тексты. Алматы, 2007.
3. Закон Республики Казахстан от 31 января 2006 года № 124- III «О частном предпринимательстве»
4. Киздарбекова А.С. Предпринимательское право. Учебное пособие. – Караганда: изд-во КарГУ, 2010.

## **ОӘБ 346**

### **ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ГЕННО-МОДИФИЦИЯЛАНҒАН АЗЫҚ-ТҮЛІК ТУРАЛЫ)**

**Жаманбаева Ж.Е.**

zhamanbayeva1985@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Экологиялық және кәсіпкерлік құқық кафедрасының, аға оқытушысы, құқық магистрі

Тұтынушылардың әр түрлі тауарларға және қызмет түрлеріне қажеттілігін сауда орындары, өндірушілер, сатушылар және белгілі қызметті орындаушылар қамтамасыз етеді. Қазақстанда нарықтық экономиканың қалыптасуы – нарықта әр түрлі тауарлармен қызмет түрлерінің пайда болуымен қоса келеңсіз құбылыстар пайда болды, атап айтсақ - алдау, ақпараттың дұрыс болмауы, сапасы төмен тауарды сату. Сондықтан кез-келген тұтынушыға мемлекеттік қолдау және осы келеңсіз құбылыстардан қорғау қажет. Мемлекет кәсіпкерлерді, өндірушілерді және сатушыларды сапалы тауар сатуын міндеттейді. Тұтынушылардың бұл құқықтары Қазақстан Республикасының Конституциясында, ҚР Азаматтық кодексінде, ҚР «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заңында, ҚР «Тамақ өнімінің сапасы мен қауіптілігі туралы» заңы және т.б. көрсетілген. Өкінішке орай, нормативтік актілердің саны көбейгенімен, нарықта тұтынушылардың алдануы азаймай отыр. Сатушы аз уақыт арасында тауарады өткізу болғандықтан, белгілі амалдарды ойлап алдап сатады. Бұл айтып өткен жағдай тек біздің елде бар ма? Әлде нарықтық экономикадағы заңдылық па? Әрине бұл мәселен кез-келген елде бар, бірақ айырмашылығы – үлкен «супермаркеттерде» әдемі қағазға оралып сатылады. Сондықтан, тұтынушыларды алдау - нарықтық жағдайдағы үйреншікті құбылыс және бұрынғы заманда, қазірде де, ертен де болады. Осыған орай тұтынушылар алданып қалмас үшін өз құқықтарын білу керек.

Қазіргі кезде тұтынушыларды қандай сұрақтар өзекті болып отыр? Еңбек терімен тапқан қыруар ақшаға сатып алып отырған тауардың қалай өндіріліп, қайдан алып келініп жатырғаны тағы белгісіз. Киім-кешек, үй тұрмысында қолданылатын тауарларды айтпай-ақ, күнделікті тұтынылатын азық-түліктерге тоқталатын болсақ, нарықта азық-түлік импорты өте жоғары, яғни шетелден алып келініп жатыр. Азық-түліктің сапасын қадағалайтын жүйенің жоқтығынан, күнделікті азық-түлікті сатып ала отырып тәуекелге бел буамыз. Себебі өнім өндіруші шетел компанияларың құпиялығынан Қазақстан генно-модифицияланған азық-түліктің (генно-модифицированные продукты) объектісіне айналуға. Кейбір ғалымдар генно-модифицияланған ағзаны (ГМО) болашақта ұлттың деградацияға ұшырау қаруы деп есептейді.

Гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдер туралы айтқанда, әлем ғалымдарының да, қоғамның да пікірі екіге жарылады. Біреулер бұл адамзат үшін өте қажет десе, келесілері олардың адам денсаулығына зияндығын алға тартады. ГМО өнімдерін жақтаушылар бұндай өнімдерін шығару адамзатты аштықтан құтқаратын бірден-бір жол деп тұжырымдайды. Өйткені тағы 40-50 жылдан кейін Жер бетіндегі тұрғындардың саны 11 миллиардқа дейін жетуі мүмкін. Яғни ауыл шаруашылық өнімдеріне деген сұраныс та артады. Бұл мәселені

ГМО арқылы бірден шешуге болады. Ал қарсыластары оның адам денсаулығына әсері толықтай зерттелмегенін алға тартады. Қалай десек те, гендік тұрғыда өзгерген өнімдер адамзат өміріне дендеп еніп келеді. Бір мемлекеттер оларды шығаруға, таратуға заңмен қатаң тыйым салса, кейбір елдерде рұқсат берілген, келесілері либерал көрқарас ұстанады. Мәселен, қазіргі кезде Ресей Думасы ГМО өнімдерін елге кіргізуге тыйым салу туралы заң жобасын талқылап жатыр. Яғни бұл саланы мемлекеттік тұрғыда бақылауды қолға алмақ. Ал Қазақстанда бірнеше жылдан бері олардың пайдасы мен зияны туралы қанша рет талқыланса да, мәселе ашық күйінде қалып отыр. Өйткені нақты сүбелі зерттеу жұмыстары жүргізілмеген.

Ал азық-түлік өнімдерінің басым бөлігі шеттен келетіндіктен, сарапшылар Қазақстан дүкендерінде де құрамында гендік тұрғыда өзгеріске ұшыған компоненттері бар азық-түліктер дүкен сөрелеріне түсе бастағандығын айтады. Дегенмен ел Президенті биылғы жолдауында агросекторды дамыту мәселесіне тоқтала келіп, ГМО өнімдерінен қорқудың еш қажеттілігі жоқ деп тұжырымдады. Алайда, Қазақстанда әлі күнге ГМО өнімдеріне қатысты заңдық негіз қалыптаспады. Тек 2010 жылы «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» ҚР заңы күшіне еніп, сол жерде бір-екі ауыз айтылады.

Аталмыш заң өндірушілерді егер өнім құрамында ГМО 0,9 пайыз және одан да жоғары болатын болса, өнімдерін маркілеуді міндеттейді. Маркілік таңбаның жоқтығы үшін 100 АЕК мөлшерінде айыппұл салынып, лицензиясынан айыру немесе бұл іспен айналысуға 3 жылға дейін тыйым салу қарастырылған. Осыдан 2 жыл бұрын «Гендік-инженерлік қызметті мемлекеттік реттеу туралы» заң жобасы әзірленіп, Парламентке жолдаған болатын. Сол кезде Ұлттық биотехнологиялық орталықтың директоры Ерлан Рахманқұлов бұл заң бір жылдың ішінде қабылданады деп мәлімдеген еді. Алайда талай талқылаудан өтсе де, нақты шешім қабылданған жоқ. Ақпан айының басында ауылшаруашылығы министрлігі таратқан ақпаратта бұл заңның әлі күнге Парламенттің төменді палатасында жатқандығы айтылады. Гендік модификацияланған ағзалар дегеніміз – гендік инженерия көмегімен жасалған тірі ағзалар мен азық-түлік өнімдері. Бұл өзгеріс өсімдік геніне жануалардың генін енгізу арқылы жүзеге асырылады. Жалпы, құрамында ГМО кездесетін өнімдерді үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топ құрамы гендік өзгеріске түскен азық-түліктер (трангендік бұршақ, соя), екінші топ – трангендік шикізатты өңдеу нәтижесінде алынған азық-түлік өнімдері (соя сүті, қызанақ пастасы, соя қосылған түрлі шұжықтар, чипсы, бұршақ өнімдері).

Үшінші топ – трансгендік жеміс-жидек пен көкөністер. Гендік инженерияның иновациясы саналатын бұл тәсіл өсімдіктер әлемінде кеңінен пайдаланылады. Ең алғашқы гененикалық негізі өзгертілген ағза – ішек таяқшалары болған. Ал 1978 жылға қарай трансгендік адам инсулині пайда болды. Ол қазіргі кезде дәрі-дәрмек шығаруда кеңінен қолданылады. Гендік тұрғыда өзгертілген ең бірінші өсімдік – темекі. Бұндай өзгеріс өсімдіктердің өнімділігін арттырып, қуаңшылыққа, түрлі ауруларға, құрт-құмырсқаларға төзімділігін жоғарылатады. Алғаш рет азық-түлік нарығында трансгендік өнімдер АҚШ-та 1994 жылы пайда болған. Бұл ұзақ сақталатын қызанақ пен соя еді. Осыдан кейін өндірушілер азық-түлік нарығына бірінен соң бірі түрлі трансгендік өнімдерді ұсына бастады. Қазіргі кезде АҚШ-тың азық-түлік өндірісінің 70-80 пайызына ДНҚ-сы өзгертілген құрамдас заттар кіреді. Ал БҰҰ-ның экономикалық әріптестік және даму ұйымының мәліметін сүйенсек, қазіргі кезде ауылшаруашылық өнімдерінің ішінде картоптың гердік тұрғыда өзгертілген – 24, сояның –11, бұршақтың 32 түрі бар екен. Одан бөлек қант қызылшасының үш түрі, күріштік 5 түрі, қызанақтың трансгендік 8 түрі тіркелген.

Гендік модификацияланған өнімдер табиғи өнімдерден анағұрлым арзан болғандықтан, азық-түлік өндірушілер үнемдеу мақсатында пайдаланады. 2000 жылы биоқауіпсіздік туралы Картахен келісімі қабылданған. Бұл құжатта көптеген мемлекеттердің ГМО өнімдеріне қатысты көзқарасы белгіленеді. Оған 166 мемлекет қол қойды, оның ішінде Қазақстан да бар. Бұл құжатта зияндылығы дәлелденген жағдайда, кез-келген гендік тұрғыда өзгертілген өнім зиян деп танылсын деп жазылған. Алайда ондай өнімдердің зияндылығын дәлелдеу оңай

емес. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары ГМО өнімдерін зияны туралы қаншама зерттеу жүргізілсе де, оның нәтижесі жалпы жұртқа жарияланбайтынын айтады. Жарияланып кеткен күннің өзінде, артынша ол жоққа шығарылып отырады. Бұл саланың өркендеуі кімдерге тиімді екені айдан анық.

Осыдан 2-3 жыл бұрын халықаралық экологиялық «Гринпис» ұйымы түзген делінген, өнімдерінің құрамына гендік тұрғыда өзгертілген ағзалар кіретін өндірушілердің қара тізімі таралды. Бұл тізімде әлемдік азық-түлік нарығының ірі-ірі ойыншыларының есімі аталған. Алайда артынан «Гринпис» бұл тізімді біз түзген жоқпыз деп теріске шығарды. Дегенмен, «жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайтыны» белгілі... Ал Еуроодақ құрамына кіретін мемлекеттерде жем-шөп ретінде қолданылатын ГМО-өнімдеріне тыйым салынбаған. Дегенмен, салмақты себептері болса, өз аумағына ГМО өнімдерін кіргізуге тыйым сала алады. 2005 жылы Венгрия гендік тұрғыда өзгертілген бұршақты өсіруге, сырттан кіргізуге шектеу қойды. Бұндай шектеуді Франция, Германия, Польша сынды елдер де енгізген. Австрия, Греция, Польша түбегейлі ГМО-дан бас тартса, Болгарияда гендік өзгеріске ұшыраған өсімдіктерді өсіруге жол жоқ.

Гендік инженериянаң ауыл шаруашылығына, медицинаға пайдасы бар. Олардың көмегімен медициналық дәрі-дәрмектер, вакциналар, жанар майлардың жаңа түрлері және, т.б. Сонымен қатар қолайсыз жағдайларда, құнарсыз жерлерде дәнді дақыл өнім алып, жер құнарлығына жұмсалатын химикаттарды азайтады.

Әрине бұл азық-түліктерді қауіпсіз деп айта алмаймыз. Алматы қаласындағы дәнді - дақылдардың экологиялық интеграция Қоры құрамында генетикалық модифициаланған ақзалары (генетически модифицированные организмы) (әрі –қарай - ГМО) бар азық-түлікпен күресетін алғашқы компаниялар екенін айтып өткен болатын. Олардың әлеуметтік зерттеудің нәтижесіне тоқталсақ, сауалға жауап бергендердің 61% бұл азық-түліктер ағза қауіпті екендігін айтқан, ал 92% мұндай азық-түліктің сыртындағы қораптағы ақпаратқа қосымша жазылуы керек екендігін айтқан болатын. Қазіргі нарықта азық - түлік импорты өте жоғары. Мәселен, GREENPEACE ақпараты бойынша Nestle компаниясы (шоколад, кофе, бала тағамдары) Coca-cola компаниясы ( Спрайт, Фанта, Кока-кола ішімдіктері), Danon (йогурт, айран, ірімшік, балалар тағамдары), Pepsico компаниясы (Pepsi, Mirinda) өнімдерінің құрамында ГМО қосылғанын білеміз.

Генетикасы өзгертілген азық-түлік мәселесі жақында пайда болғаны барлығымызға белгілі. Бұл зерттеулердің жүргізіліп жатқанына бірнеше жыл болып, белгілі зерттеулер бойынша ғылыми зерттеулер адам ағзасына қауіпсіз екендігін біз айта алмаймыз. Дегенмен, коммерциялық пайда табудың бірден бір жолы. Сондықтан ірі көлемдегі өндірушілер өздерінің тұтынушыларын бұл туралы хабардар етпейді. Сонымен қатар біздің елде мұндай азық-түліктерді тексеретін лабораториялар жоқ болғандықтан халықаралық ақпараттарға жүгінеміз. Міне сондықтан да қазіргі нарықтың өзекті мәселелерінің бірі – тұтынушы сатып алған тауар туралы толық ақпарат алмайды, мемлекеттік органдар мұндай азық-түліктер туралы сөз қозғамайды, ал бұл азық-түлікті өндірушілер барлық жағдайды пайдаланып кәсіпкерлік қызметін жалғастыра береді. Қарап отырсақ, сіздер мен біздер, яғни тұтынушылар ағзасы зерттеуге алынған жануарлар тәрізді болдық па?

Қазақстан тұтынушыларының ұлттық лигасының президенті Светлана Савченко өзінің сөзінде ГМО қосылған азық-түліктердің кейбірулері адам ағзасына аллергия тудырып антибиотиктерге төтеп бере алмайтындығын айтып кеткен. Яғни қолданыстағы медициналық препараттармен емдеуге болмайтыны айтады. Қазіргі нарықта шекарадан кіргізілетін сояның 75% шұжыққа қосылады екен.

Заңнама бойынша өндірушіден тауардың қорабына құрамын жазу туралы талап бар, өкінішке орай біздің республикада анализ жасайтын лабораторийлар жоқ.

Европа елдерінде азық-түліктің қорабында ГМО қосылғанды міндетті түрде жазылады және мұндай азық түліктер ГМО қосылмаған азық-түліктен екі есе арзан болуы керек. Яғни тұтынушы тәуекелге барып өзі таңдайды. Мәселен қазір Израильде ГМО қосылған соядан бас тартуда.

Тұтынышулар тауар туралы барлық ақпаратты алуға құқылы, яғни мұндай азық-түліктің сыртына барлық ақпаратты жазу керек, тұтынушы не үшін ақша төлегендігін және нені сатып алғандығын білуі керек. Бұл заңның талаптарына сәйкес.

«Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заңның 9 бабына былай делінген: «Тұтынушының тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы ақпаратқа қол жеткізу құқығы тұтынушылық білім негіздері жөніндегі мәселелерді білім беру бағдарламаларына енгізу арқылы, сондай-ақ тұтынушыға оның құқықтары және осы құқықтарын қорғау жөніндегі қажетті іс-қимылдар туралы ақпарат беру жүйесін ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі». Дегенмен, тұтынушыларға ақпарат беру жүйесін ұйымдастыру міндеті кімге жүктелгені әлі белгісіз. Сонымен қатар, тұтынушы тауар жөнінде орыс тілінде және қазақ тілінде, сондай-ақ сатушы, өндіруші жөнінде ақпарат алуға құқылы. Яғни, сатушы немесе өндіруші тауар жөнінде оның қасиеті, ерекшелігі жөнінде және құжаттары жөнінде ақпарат беруге міндетті. Нарықта Қытайдан әкелініп жатырған адам денсаулығына қауіпті, сапасы төмен көптеген тауарлар (киім-кешектер, балалар ойыншықтары, ыдыстар т.б.) әкелінуі көбеймесе, азаятын түрі жоқ. Тұтынушылардың құқықтарын тізбектей келе, қауіпсіз тауарды алуға және ерікті таңдау құқығын айтпай кетпеске болмайды. Дегенмен, тауарды сатып алу кезде тиісінше ақпаратты ала алмаймыз.

Қорыта келе, мемлекет тарапынан нарықтағы импорт тауарларына қадағалау жүргізілуі керек деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы,
2. ҚР Азаматтық кодексінде,
3. ҚР «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заңы
4. ҚР «Тамақ өнімінің сапасы мен қауіптілігі туралы»
5. Биологический энциклопедический словарь. М. 1989.
6. Егоров Н. С., Олескин А. В. Биотехнология: Проблемы и перспективы. М. 1999.
7. Маниатис Т. Методы генетической инженерии. М. 2001.

**УДК 347.7**

## **РУКОВОДЯЩИЕ ПРИНЦИПЫ ООН В СФЕРЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В АСПЕКТЕ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА В РК**

**Кабдиев Асылхан Ахмадулы, Гончаров Сергей Борисович**

*kabdiev@bk.ru*

Студенты Юридического факультета Казахского Национального университета имени аль-Фараби, 1 курс

Научный руководитель: Ибраева А.С., д.ю.н. профессор

Глобализация преобразила мир за последние десятилетия, задала новые тенденции, в том числе и в сфере защиты прав человека, если раньше главным источником нарушения прав ряда субъектов права было государство и для ООН главным объектом регулирования в этой сфере становились государственные органы, то сегодня набирает обороты нарушения международного законодательства по правам человека со стороны частных предприятий, в частности транснациональных корпораций. Ярким примером таких нарушений можно назвать факты неприемлемых условий труда в ряде развивающихся стран, в частности в Китае и Индии, например по данным исследователей Пекинского педагогического университета, 90% промышленных предприятий в принудительном порядке устанавливают рабочую неделю, длительностью свыше 40 часов, и на половине из них сверхурочная работа составляет более 4 часов[1].